

# ӘЛ МУРШИДА АҚИДАСЫ

МЕШІТ МҰНАРАЛАРЫНАН ОҚЫЛҒАН АҚИДА

العقيدة المرشدة


[DARULFIKR.RU/AZAN.KZ](http://DARULFIKR.RU/AZAN.KZ)



# ӘЛ МУРШИДА АҚИДАСЫ

МЕШІТ МҰНАРАЛАРЫНАН ОҚЫЛҒАН АҚИДА

العقيدة المرشدة



DARULFIKR.RU  
АУДАРҒАН AZAN.KZ

# بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

## Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен

Имам Фахруддин ибн Асакир (550-620 х/1156-1224 м) оған Алла рақым етсін, былай деген:

قال الشيخ فخر الدين بن عساكر رحمه الله:

اعلم أروشدنا الله وإياك أنه يجب على كل مكلف أن يعلم أن الله عز وجل واحد في ملكه، خلق العالم بأسره العلوي والسفلي والعرش والكرسي، والسّموات والأرض وما فيهما وما بينهما. جميع الخلائق مقهورون بقدرته، لا تتحرك ذرة إلا بإذنه، ليس معه مدبر في الخلق ولا شريك في الملك، حيّ قيوم لا تأخذه سنة ولا نوم، عالم الغيب والشهادة، لا يخفى عليه شيء في الأرض ولا في السماء، يعلم ما في البر، والبحر وما تسقط من ورقة إلا يعلمها، ولا حبة في ظلمات الأرض ولا رطب ولا يابس إلا في كتاب مبين.

أحاط بكل شيء علمًا وأحصى كل شيء عددًا، فعالم لما يريد، قادر على ما يشاء، له الملك وله الغنى، وله العز والبقاء، وله الحكم والقضاء، وله الأسماء الحسنى، لا دافع لما قضى، ولا مانع لما أعطى، يفعل في ملكه ما يريد، ويحكم في خلقه بما يشاء. لا يرجو ثوابًا ولا يخاف عقابًا، ليس عليه حق [يلزمه] ولا عليه حكم، وكل نعمة منه فضل وكل نعمة منه عدل، لا يُسئل عما يفعل وهم يسألون. موجود قبل الخلق، ليس له قبل ولا بعد، ولا فوق ولا تحت، ولا يمين ولا شمال، ولا أمام ولا خلف، ولا كل، ولا بعض، ولا يقال متى كان ولا أين كان ولا كيف، كان ولا مكان، كوّن الأكوان ودبر الزمان، لا يتقيّد بالزمان ولا يتخصّص بالمكان، ولا يشغله شأن عن شأن، ولا يلحقه وهم، ولا يكتنفه عقل، ولا يتخصّص بالذهن، ولا يتمثل في النفس، ولا يتصور في الوهم، ولا يتكيف في العقل، لا تلحقه الأوهام والأفكار، (ليس كمثله شيء وهو السميع البصير). اهـ.

«**Б** іліңдер, Алла Тағала бізді және сізді тура жолға салсын, әр-бір адам (мукәллаф) Аллаһтың Өзінің әмірлігінде Жалғыз Жаратушы екенін білуі тиіс. Ол бүкіл әлемді, жоғарғы және төменгі, Аршы мен Күрсінi, көктер мен жерді, олардың ішіндегі және орта-

сындағы барлық нәрсені жаратты. Барлық жаратылыс Оның әміріне бойұсынады. Бір түйір құм да Оның бұйрығынсыз қозғалмайды. Жарату барысында Оған ешкім көмектеспейді және де Оның Өзінің әмірлігінде ешқандай серігі жоқ. Ол мәңгі Тірі, Жалғыз. Ол ешқашан ұйықтамайды я қалғымайды. Жерде де, көкте де Оған көмес болған еш нәрсе жоқ. Оған жердегі және теңіздегі барлық нәрсе аян. Бір жапырақ та Оның әмірінсіз жерге түспейді. Жер қараңғылығындағы әрбір дәнек, бір нәрсенің ылғалдығы мен құрғауы айқын Кітапта жазылған. Оның ілімі барлық нәрсені қамтиды. Ол барлық заттан хабардар. Ол нені қаласа, соны жаратады. Оның нені қаласа, соны жарата алатын Құдіреті бар. Ол Үстемдік Иесі, әрі Ол еш нәрсеге мұқтаж емес. Оған Ұлылық пен Мәңгілік тән. Үстемдік пен тағдырды жазу Оған тән. Оның ең көркем есімдері бар. Оның жазғанына ешкім қарсы тұра алмайды. Ол берген кезде Оған ешкім бөгет те бола алмайды.

Ненің болуын қаласа да Оның билігінде. Ол қалауынша жаратқан нәрселерін басқарады. Ол мақтау күтпейді әрі азаптан қорықпайды. Ол ешқандай заңға бағынбайды, Оған ешкім билік ете алмайды. Ол бергенін Өзінің Жомарттығымен береді әрі Оның әрбір жазасы да Әділ. Одан Оның не істеп жатқанын сұрамайды, алайда олар сұралады. Ол – жаратылыс жаралмай тұрып бар болған. Оған «дейін» мен «кейін» дейтін ұғымдар тән емес. Ол үшін «астында» немесе «үстінде», «оң» мен «сол», «алдында» я «артында», «толық» я «жартылай» дейтін түсінік жоқ. Оған «қашан болды?», «ол қандай?» деген сауал қоюға болмайды. Ол мекенсіз әрі әуелден бар болған. Ол жаратылысты жаратып, уақыттың болуын қалады. Ол уақытпен шектелген емес және де мекенге де мұқтаж емес. Бір іс Оны өзге істен тоса алмайды. Ол ешнәрсеге ұқсамайды, Оны елестеуге ақылдың күші жетпейді. Оны ақылмен өлшеуге келмейді. Оның Болмысын елестету мүмкін емес, елестетуге тіпті болмайды да. Оны ақылмен де, елестетумен де көре алмайсың. (Ол ешнәрсеге ұқсамайды. Ол бәрін Көрүші, Естуші)».

Имам Әбу Мансұр Адур- Рахман ибн Мұхаммад Фахруддин ибн Асакир Сұлтан Салахуддин әл- Аюбиге (589 х.) арнап осы ақиданы жинақтаған. Сұлтан осы ақиданы өзінің ұлдарына үйретеді, мұны Қади ибн Шаддад (632 ө.) өзінің «Сирату Салахуддин» атты еңбегінде келтіреді. Имам Фахруддин ибн Асакир «Әл- Муршида» ақидасынан Иерусалимдегі «әл- Ақса» мешітіне жақын жерде орналасқан «әс- Соллахийә» мектебінде дәріс береді. Имам **Тажуддин әс-Субки** (717-771 х) «**Табақату аш-Шафийәти әл-Кубра**» еңбегінде 8/177, оны былай деп сипаттайды:

ابن السبكي في الطبقات (ج ٨ ص ٧٧١) فوصفه بالإمام الكبير شيخ الشافعية بالشام وآخر من جمع له العلم والعمل، كان إماماً صالحاً قانتاً عابداً ورعاً كثير الذكر اتفق أهل عصره على تعظيمه في العقل والدين، وبه تخرج الشيخ عز الدين بن عبد السلام. اهـ.

«Имам әл- Кабир, Шамдағы шафиғилердің шейхы, бойына білім мен амал жиналған соңғы адам. Ол шыншыл, тақуа имам болған. Ол көп зікірлер сақтаған, адамдар оның ілімі мен діні жайлы ғасырлап сөз еткен. Әрі мұны Шейх Иззуддин ибн Абдуссәләм жеткізген».

Ақиданың өзі имам Ибн Асакирдың өмірбаянында имам әс-Субкидің «Табақату әш-Шафийәти әл-Кубрасында» айтылады. Фахруддин ибн Асакирдың толық өмірбаянын мына кітаптардан қараңыздар:

- «Табақату әш-Шафиййәти әл-Кубра», 8/177, имам Тажуддин әс-Субки;
- «Табақату шафийәт», 1/386, Ибн Қади әш-Шухбат;
- «Табақату шафийәт», 2/97, Аснәуиә;
- «Сиар әъләм ән-нубалә», 22/187, имам әз-Захаби;
- «Шазарату захби», 5/93, Ибн Имад әл-Ханбали;
- «әл-Бидайә уә ән-Нихайә», 13/109, Хафиз ибн Касир.

## **Әһлі Сүннет уәл Жамағат ғалымдарының «әл-Муршида» ақидасының ақиқат екенігіне берген куәліктері**

Шейх Әбу Мансұр Абдур-Рахман ибн Мұхаммад Фахуддин ибн Асакир «әл- Муршида ақидасынан» Иерусалимдегі «әл-Ақса» мешітінің жанында орналасқан «әс-Солахийә» мектебінде дәріс бергені белгілі.

Үлкен тарихшы ғалым **Тақийуддин әл- Макрази** (765-845 х/1364-1442 м), «**Әл- Мауаиз уә әл итибар би зикрил-хутатил уә әл-асар**» атты еңбегінде былай деген:

قال المؤرخ تقي الدين المقرئزي (توفي سنة ٥٤٨ هـ) في كتابه (المواعظ والاعتبار بذكر الخطط والآثار) ما نصه: «لما ولي السلطان صلاح الدين يوسف بن أيوب.. تقدم الأمر إلى المؤذنين أن يعلنوا وقت التسبيح على المآذن بالليل، بذكر العقيدة التي تعرف بالمرشدة، فواظب المؤذنون على ذكرها في كل ليلة بسائر جوامع مصر إلى وقتنا هذا».

«Исламның билігі сұлтан Салахуддин Юсуф ибн Айюбтың қолына көшкен кезде сұлтан азаншыларға таң намазына дейін мешіт мұнараларынан «әл- Муршида» деген атпен танымал ақиданы оқуды бұйырған. Мысырдың барлық мешіттерінде біздің күнімізге дейін осы бұйрық орындалған».

Хафиз **Жәләуддин әс-Суюти** (849-911 х/1445-1505 м) «**Әл- Усаил илә арифа әл- әуәил**» еңбегінде былай деген:

قال الحافظ جلال الدين السيوطي الشافعي (توفي سنة ١١٩ هـ) في كتابه (الوسائل إلى معرفة الأوائل) ما نصه: «فلما ولي السلطان صلاح الدين بن أيوب أمر المؤذنين أن يعلنوا في وقت التسبيح بذكر العقيدة الأشعرية، فواظب المؤذنون على ذكرها كل ليلة إلى وقتنا هذا».

«Ислам дінінің билігі сұлтан Салахуддин Юсуф ибн Айюбтың қолына өткен кезде ол азанышларға тасбиһ уақыты болғаннан ашғари ақидасын оқуды бұйырған. Олар біздің заманымызға дейін соны бұлжытпай орындаған».

Шейх Мұхаммад ибн Әллән әс-Сыддық әш-Шафиғи (996-1057 х/1588-1647 м) «Әл-Футухату Рабаниә ʿаләл-Азкар ән-Науауиә» кітабында былай деп айтқан:

قال العلامة محمد بن علان الصديقي الشافعي (توفي سنة ٧٥٠١ هـ) في كتابه (الفتوحات الربانية على الأذكار النواوية) ما نصه: «لما ولي صلاح الدين بن أيوب وحمل الناس على اعتقاد مذهب الأشعري، أمر المؤذنين أن يعلنوا وقت التسبيح بذكر العقيدة الأشعرية التي تعرف بالمرشدة فواظبوا على ذكرها كل ليلة».

«Ислам билігі сұлән Салахуддин Юсуф ибн Айюбтың қолында болған кезде ол адамдарды ашғари ақидасын ұстануға шақырды, азаншыларға тасбиһ уақыты болғанда «Әл-муршида» деген атпен танымал ақиданы оқуды бұйырды. Олар үнемі әр түнде соны оқумен болды».

Хафиз Салахуддин әл-Аләидан (694-761 х/1295-1359 м) имам әс-Субки «Табақат әш-Шафиғиәда» жеткізгендей былай дейді:

قال الحافظ صلاح الدين العلائي (توفي سنة ١٦٧ هـ) كما نقل عنه السبكي في (طبقات الشافعية الكبرى) ما نصه: «وهذه العقيدة المرشدة جرى قائلها على المنهاج القويم، والعقد المستقيم وأصاب فيما نزه به العلي العظيم».

«Ақида әл-Муршиданың» авторы шынайы манхажды ұстанушы және дұрыс сенімде, әрі Алла Тағаланың кемел сипаттарын пәктеудегі ақиқаттың ең жоғарғы шыңына қол жеткізген».

Имам Тажуддин әс-Субки (683-756 х/1284-1355 м) өзінің «Муиду-н-ниа уә муиду-н-инқам» атты еңбегінде былай айтады:

قال الإمام تاج الدين السبكي (توفي سنة ١٧٧ هـ) في كتابه (معيد النعم ومبيد النقم) ما نصه: «عقيدة الأشعري هي ما تضمنته عقيدة أبي جعفر الطحاوي وعقيدة أبي القاسم القشيري والعقيدة المسماة بالمرشدة، مشتركات في أصول أهل السنة والجماعة».

«Имам әл-Ашғаридың (оларға Алла разы болсын) ақидасы имам Әбу Жағфар әт-Тахауидың «Ақидасын» көрсетеді, имам Абдул Қасым әл-Қушайридың және «Әл-Муршида» ақидасы – сүнниттердің ақидасы болып табылады».

Имам **Мұхаммад ибн Юсуф әс- Сануси** (ө. 895 х/1490м) «Ақида әл-Муршидаға» жазған «**Әл- Ануарул Мубаййинә ли мағани ақди ақидатил-муршида**» атты түсіндірмесінде былай дейді:

قال الإمام محمد بن يوسف السنوسي (توفي سنة ٥٩٨ هـ) في شرحه على العقيدة المرشدة المسمى (الأنوار المبيّنة لمعاني عقد عقيدة المرشدة) ما نصه: «اجتمعت الأئمة على صحة هذه العقيدة وأنها مرشدة رشيدة».

«Біздің имамдар ақиданың ақиқаттығында және де, расында ол бағыттаушы (әл- муршида) әрі түзу (әр- рашида) деп бірауыздан келіскен».

Имам **Тажуддин әс-Субки** «**Табақат әш- шафиинә әл- кубра**» еңбегінде «Ақида әл-Муршида» жайлы былай деп жазады:

قال الإمام تاج الدين السبكي (توفي عام ١٧٧ هـ) في كتابه (طبقات الشافعية الكبرى) في آخر العقيدة المرشدة بعد أن ساقها بكاملها ما نصه: «هذا آخر العقيدة وليس فيها ما ينكره سني».

«Бұл ақиданың түйіні осы, мұнда шынайы сүннет ұстанушы адам құптамайтын ешнәрсе жоқ».

